## "Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 27 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 қарашадағы № 850 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 27 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасында:

"3. Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қолдау" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 39, 40, 41 және 42-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **39** | **Инновациялық идеялардың фестиваль-көрмесін өткізуді ұйымдастыру** | **иннова циялық идеялар дың фестиваль-көрмесін өткізу** | **АҚДМ** | **2019 жыл ішінде** | **24 563 мың теңге** | **РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру"** | **қатысушы лар саны – кемінде 500 адам** |
| 40 | Жастардың ішкі туризмін дамыту | гранттар | АҚДМ | 2019 жыл ішінде | 10 420 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | қатысушы лар саны – 100 адам |
| 41 | Әлеуметтік жобалаудағы, gr, фандрайзингтегі, әлеуметтік коммуникациялардағы жаңа тәсілдерді оқыту бағдарламаларын әзірлеу, еліміздің өңірлерінде білім беру курстарын өткізіп, Нұр-Сұлтан қаласында қорытындылау және жастар ҮЕҰ көшбасшылары ның конференциясын өткізу | бағдарла маға қатысу шыларға сертифи кат беру | АҚДМ | 2019 жыл | 40 000 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | 100-ден астам ҮЕҰ жастар көшбасшы ларын және әлеуметтік кәсіпкер лерді кәсібилен діру, үкіметтік емес секторлар дың перспекти валығы, |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | жастардың белсенділі г і н нәтижелі бағытқа бағдарлау |
| 42 | Ажырасу деңгейін төмендету мақсатында татуласу үшін берілген уақыт бойы ажырасуға бастамашы болған жұбайларға психологиялық көмек көрсету мақсатында "Бақытты отбасы" отбасылық соттар жанынан Отбасын ресурстық қолдау орталықтарын ашу | грант | АҚДМ | 2019 жыл ішінде | 300 000 мың теңге | Р Б 0 0 7 " Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | іс-шаралар кешені |

";

реттік нөмірлері 45 және 46-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **45** | **Жастардың өзін-өзі басқару органдары жүйесін дамыту** | **іс-шаралар** | **АҚДМ** | **2019 жыл ішінде** | **2 6 939 мың теңге** | **Р Б 0 0 7 " Мемлекет т і к жастар және отбасы саясатын і с к е асыру"** | **оқытыл ғ а н жастар саны – кемінде 5 0 0 адам** |
| 46 | Волонтерлік бастамаларды қолдау үшін шағын гранттар бағдарламасын іске асыру, оның ішінде мүгедектерге, қарт адамдарға, жетімдерге, жалғызбасты және баспанасыз адамдарға көмек көрсету мақсатында жас волонтерлердің базасын құру, "Студенттік бастама" жалпыреспубли калық волонтерлік қозғалысын құру, "Ашық жүрек" жобасын іске асыру | республикалық волонтерлер слеті, үздік волонтерлік практикалар жинағы | АҚДМ | 2019 жылғы II-III тоқсан дар | 1 0 0 000 мың теңге | Р Б 0 0 7 " Мемлекет т і к жастар ж ә н е отбасы саясатын і с к е асыру" | жобада қамтыл ғ а н жастар д ы ң саны |

";

реттік нөмірі 47-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 48-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **48** | **"Ұлы дала мұрасы" халықаралық скауттар слетін өткізу** | **іс-шараны өткізу** | **АҚДМ** | **2019 жылғы I I I тоқсан** | **2 5 000 мың теңге** | **Р Б 0 0 7 "Мемлекет тік жастар және отбасы саясатын іске асыру"** | **қатысу шылар саны – 350 адам** |

";

реттік нөмірлері 52 және 53-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **52** | **Этномәдени бірлестіктердің белсенді қатысуымен жастар арасында әлеуметтік бірлік мәдениетін дамыту** | **іс-шаралар өткізу** | **АҚДМ** | **2019 жыл ішінде** | **11 887 мың теңге** | **РБ 007 "Мемлекет тік жастар және отбасы саясатын іске асыру"** | **қатысу шылар саны – 200 адам** |
| 53 | КТК қозғалысының 20 жылдығына арналған "Жайдарман" КТК жобасын іске асыру | "Жайдарман" ойындары | АҚДМ | 2019 жылғы III тоқсан | 50 000 мың теңге | РБ 007 "Мемлекет тік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | 30 команданың қатысуымен кемінде 8 КТК ойындарын өткізу |

";

реттік нөмірлері 54, 55 және 56-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **54** | **"Мүшәйра" жас ақындардың республикалық конкурсын ұйымдастыру бойынша кешенді іс-шаралар өткізу** | **іс-шаралар өткізу** | **АҚДМ, "Nur Otan" партиясы (келісу бойынша)** | **2019 жыл ішінде** | **24 696 мың теңге** | **РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру"** | **қатысушылар саны – 100 адам** |
| 55 | Республикалық дебаттық турнир өткізу | республикалық турнир өткізу | АҚДМ, "Nur Otan" партиясы (келісу бойынша) | 2019 жыл ішінде | 50 000 мың теңге | РБ 007 "Мемлекет тік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | қатысу шылар саны – кемінде 200 адам |
| 56 | "Қазақстанды таны" әлемдік блогерлердің форумын өткізу | форум өткізу | АҚДМ | 2019 жылғы шілде | 200 003 мың теңге | РБ 007 "Мемлекет тік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | қатысу шылар саны – 500 адам |

";

реттік нөмірі 63-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 67-1, 67-2, 67-3, 67-4, 67-5, 67-6, 67-7, 67-8 және 67-9-жолдармен толықтырылсын:

"

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | **РБ 007** | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **67-1** | **Жастар арасында салауатты өмір салты құндылықтарын танымал ету және арттыру бойынша жобаны іске асыру** | **грант** | **АҚДМ** | **2019 жылғы тамыз-қараша** | **20 000 мың теңге** | **"Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру"** | **Спортпен айналысатын және салауатты өмір салтын ұстанатын жастардың санын арттыру** |
| 67-2 | Жастар еңбек отрядтарының қызметін жетілдіру бойынша жобаны іске асыру | грант | АҚДМ | 2019 жылғы тамыз-қараша | 15 013 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | жобада қамтылған жастардың саны |
| 67-3 | Жастар ресурстық орталықтарының қызметін жетілдіру бойынша жобаны іске асыру | грант | АҚДМ | 2019 жылғы тамыз-қараша | 30 000 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | Жастар ресурстық орталықтарының бірыңғай талаптар мен стандарттарға сәйкестік деңгейін арттыру, Жастар ресурстық орталықтарының қызметінен пайда алған жастардың санын ұлғайту, ең үздік жастар ресурстық орталықтарын айқындау және қолдау |
| 67-4 | "Еңбекқор жастар" ақпараттық науқанын өткізу | грант | АҚДМ | 2019 жылғы тамыз-қараша | 70 000 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | жастарды ауыл шаруашылығы өндірісіне тартуға және жас мамандарды ауылда бекітуге жәрдемдесу |
| | | | | | | РБ 007 "Мемлекет | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 67-5 | Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша тұжырымдамалық тәсілдерді қалыптастыру | грант | АҚДМ | 2019 жылғы тамыз-қараша | 15 000 мың теңге | тік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың негізгі бағыттарын әзірлеу |
| 67-6 | Қарт адамдарды қолдау бойынша кешенді іс-шараларды іске асыру | грант | АҚДМ | 2019 жылғы тамыз-қараша | 15 000 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | Қарт адамдардың әлеуметтік жұмыспен қамтылуын және белсенділігін арттыру; қарт адамдардың қосымша білім мен дағдыларды алуы үшін жағдай жасауда ведомствоаралық өзара іс-қимылды жандандыру; қарт адамдардың әлеуметтік жағдайын жақсарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу |
| 67-7 | Жастар және отбасы саясаты салаларын әдістемелік сүйемелдеу бойынша іс-шаралар кешенін өткізу | грант | АҚДМ | 2019 жылғы тамыз-қараша | 10 000 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру туралы халықтың хабардар болуын арттыру; Жастар және отбасы саясаты мәселелерімен айналысатын мамандардың біліктілігін арттыру |
| | | | | | | РБ 007 "Мемлекеттік | Нақты мақсаттарға қол жеткізуге бағдарланған әрекеттердің ұтымды моделін қалыптастыру |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 67-8 | "Ұқыпты жастар" жобасын іске асыру бойынша іс-шаралар кешенін өткізу | грант | АҚДМ | 2019 жылғы тамыз-қараша | 17 000 мың теңге | жастар және отбасы саясатын іске асыру" | ; жастардың хабардар болуын және қаржылық, құқықтық сауаттылығын арттыру |
| 67-9 | Өмірде қиын жағдайға тап болған жастарды (жас отбасыларды) кешенді әлеуметтік-психологиялық қолдау бойынша жобаны іске асыру | грант | АҚДМ | 2019 жылғы тамыз-қараша | 60 589 мың теңге | РБ 007 "Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру" | Өмірде қиын жағдайға тап болған жастар мен жұмыстың баламалы нысандарын құру |

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *А. Мамин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК